

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ БАСШЫЛЫҚ  
ҚҰЖАТТАРЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**РУКОВОДЯЩИЕ ДОКУМЕНТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

**ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛҒАН ҒИМАРАТТАР МЕН  
ИМАРАТТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ  
СӘЙКЕСТІКТІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ НОРМАТИВТІК  
ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІН  
БАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ**

---

**ПОРЯДОК ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ОЦЕНКИ  
СООТВЕТСТВИЯ ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ,  
ЗАВЕРШЕННЫХ СТРОИТЕЛЬСТВОМ ТРЕБОВАНИЯМ  
НОРМАТИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ СИСТЕМЫ ОЦЕНКИ  
СООТВЕТСТВИЯ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ**

**ҚР ҚБҚ 1.06-01-2011  
РДС РК 1.06-01-2011**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и  
управления земельными ресурсами Министерства национальной  
экономики Республики Казахстан

Астана 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ЗЦ «АТСЭ» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ЗЦ АТСЭ»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 29 декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

## МАЗМҰНЫ

|   |    |
|---|----|
| КІРІСПЕ .....   | IV |
| 1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....   | 1  |
| 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....  | 1  |
| 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР .....   | 2  |
| 4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....   | 2  |
| 5 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ӘРБІР САТЫСЫНДАҒЫ СӘЙКЕСТІЛІКТІ<br>БАҒАЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ .....  | 3  |
| 6 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ӘРТҮРЛІ САТЫСЫНДАҒЫ СӘЙКЕСТІЛІКТІ<br>БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ .....                                     | 4  |
| 6.1 Техника-экономикалық негіздеу .....   | 4  |
| 6.2 Жер телімін бөлу.....   | 5  |
| 6.3 Инженерлік-геодезиялық іздеулер .....   | 6  |
| 6.4 Инженерлік-геологиялық іздеулер.....  | 8  |
| 6.5 Объектіні инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне техникалық<br>шарттарды қосуды келісу .....                             | 10 |
| 6.6 Сәулет-жоспарлық тапсырманы беру .....  | 11 |
| 6.7 Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу .....  | 12 |
| 6.7.1 Жалпы ережелер.....   | 12 |
| 6.7.2 Құрылысты ұйымдастыру жобасы .....  | 13 |
| 6.7.3 Жұмыс өндірісінің жобасы .....  | 14 |
| 6.7.4 Жобалау-сметалық құжаттаманы мемлекеттік нормативтерге<br>сәйкестілігін бағалау.....  | 15 |
| 6.8 Құрылыс объектісінің дайындаудың әртүрлі сатысындағы және құрылыс-монтаж<br>жұмыстарының өндірісіндегі сәйкестілігін бағалау..... | 17 |
| 6.8.1 Құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауға рұқсат берудің кезеңдері .....  | 17 |
| 6.8.2 Құрылыс алаңын дайындау кезеңі .....  | 18 |
| 6.8.3 Құрылыс объектісінің сәйкестілігін жұмыс өндірісінің технологиялық карталарының<br>негізінде бағалау .....                      | 19 |
| 6.8.4 Құрылыс-монтаж жұмыстары өндірісінің мемлекеттік нормативтерге, мердігердің<br>сыртқы бақылауына сәйкестілігін бағалау .....    | 20 |
| 6.8.5 Құрылыс-монтаж жұмыстарының мемлекеттік нормативтердің, мердігердің сыртқы<br>бақылауына сәйкестілігін бағалау.....             | 22 |
| 6.8.6 Құрылыс объектісінің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін техқадағалау<br>сарапшысының бағалауы .....                        | 23 |
| 6.8.7 Құрылыс объектісінің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін авторлық<br>қадағалаудың бағалауы .....                            | 25 |
| 6.8.8 Құрылыс объектісінің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін мемлекеттік құрылыс<br>инспекторының бағалауы.....                 | 26 |
| 6.9 Құрылысы аяқталған объектінің пайдалануға беру кезеңінде мемлекеттік<br>нормативтерге сәйкестілігін бағалау .....                 | 27 |

## **КІРІСПЕ**

2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарға сәйкес Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органына адамның толыққанды өмір сүру және тіршілік ету ортасын қалыптастыру, елді мекендер мен ауыларалық аумақты тұрақты дамыту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен құрылыс өнімінің сапасын замани жағдайда көтеру миссиясы жүктелген. Осы миссияны жүзеге асыру сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласы мен тұрғын үй-коммуналдық саладағы мемлекеттік реттеуді жетілдіру негізінде қала құрылысы, сәулет және құрылыс құралдарымен және коммуналдық қамтамасыз етумен қол жеткізіледі.

Стратегиялық жоспардың көрсетілген қағидаларын жүзеге асыру салынып жатқан объектілердің құрылыстағы мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бағалау жүйесін қалыптастыру және жетілдіру арқылы мүмкін болады.

Соңғы он жыл ішінде Қазақстанның құрылыс саласындағы сәулеттік бақылау және қадағалау жүйесі едәуір өзгерістерге ұшырады, нәтижесінде құрылыс сапасын нақты ұйымдастырушылық түрлендірудің есебінен көтеру әрекеттері жасалды. Алайда жүргізілген реформалар пайдалануға берілген ғимараттар мен имараттардың құрылысының сапасын, қауіпсіздігі мен сенімділігін көтеруде елеулі нәтижелер бермеді. Істің мұндай барысы құрылыс объектілерінің сәйкестілігін бағалаудың басқыншылықты батыс еуропалық тәжірибесін кеңінен енгізуді талап етеді, онда салынған объектілердің объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ұлттық стандарттардың сәйкестілігін бағалаудың тиімді жүйесі қалыптасқан.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ БАСШЫЛЫҚ  
ҚҰЖАТТАРЫ  
РУКОВОДЯЩИЕ ДОКУМЕНТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

---

**ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛҒАН ҒИМАРАТТАР МЕН ИМАРАТТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫС  
САЛАСЫНДАҒЫ СӘЙКЕСТІКТІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ НОРМАТИВТІК  
ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІН БАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ  
АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ**

**ПОРЯДОК ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ОЦЕНКИ СООТВЕТСТВИЯ ЗДАНИЙ И  
СООРУЖЕНИЙ, ЗАВЕРШЕННЫХ СТРОИТЕЛЬСТВОМ ТРЕБОВАНИЯМ  
НОРМАТИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ СИСТЕМЫ ОЦЕНКИ СООТВЕТСТВИЯ В  
СТРОИТЕЛЬСТВЕ**

---

Енгізілген күні – 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1. Осы құрылыстағы басшылық құжаты ғимараттар мен имараттардың құрылысы салынған объектілердің пайдалануға берілуін қоса, инвестициялық процестің барлық кезеңінде Қазақстан Республикасының құрылысындағы сәйкестілікті бағалау жүйесінің нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестілігін бағалауды жүзеге асырудың негізгі мақсаттарын, қағидаттары мен тәртібін анықтайды және ҚР «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентін дамыту үшін жасалды.

1.2. Осы құрылыстағы басшылық құжатының ережелерін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің барлық субъектілері, оның ішінде басқару, сәйкестілікті бағалау, бақылау және қадағалау органдары, жеке және заңды тұлғалар, ұйымдастырушылық-құқықтық меншік формасы мен бағыныштылығына тәуелсіз, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында мемлекеттік нормативтерді әзірлеу мен қолдану жүзеге асырылатын инвестициялық процестің тиісті кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағында міндетті қолдануға тиесілі.

1.3. Ғимараттар мен имараттардың заңнамамен белгіленген құқыққа ие бақылау және қадағалау субъектілерінің жүзеге асыратын мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкестілігін бағалауға қаржыландыру көзіне тәуелсіз жауапкершіліктің бірінші және екінші санатының құрылыс объектілері мен толық немесе жартылай мемлекеттік инвестиция есібінен салынатын барлық объектілер тиесілі.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы құрылыстағы басшылық құжатын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар керек:

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16-шілдедегі № 242-II «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 09-қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы» заңы;

## **ҚР ҚБҚ 1.06-01-2011**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17-қарашадағы №1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22-мамырдағы №437 қаулысымен бекітілген «Сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік құрылыс инспекторларын аттестаттау қағидалары».

Ескертпе - Осы нормативтік құжатты пайдалану кезінде ағымдағы жылдың 1-қаңтары жағдайы бойынша құрылған «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың көрсеткіші және ағымды жылда жарияланған мемлекеттік стандарттардың тиісті ақпараттық нұсқаулары бойынша сілтемелік стандарттардың әрекетін тексеру мақсатқа сай болады. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормаларды пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмастан, алып тасталған болса, онда оған сілтеме жасалатын ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

### **3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

Осы құрылыстағы басшылық құжатында А қосымшасында, сонымен қатар ҚР СТ 1.1 және басқа да халықаралық және мемлекетаралық нормативтік құжаттарда берілген тиісті анықтамалары бар терминдер қолданылады.

### **4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1 Құрылысы аяқталған объектілердің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігі қосылған кешендердің қасиеттерінің, құрылыс пен құрылыс объектілерінің пайдалануға берудің нақты жағдайларында сәйкес Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай анықталған қажеттіліктерді қанағаттандыратын қабілеттігін қамтамасыз ететін әртүрлі мақсаттағы объектілердің кезектерінің жиынтығын білдіреді.

4.2 Құрылысы аяқталған объектілердің, сонымен қатар құрылыс процесінің барлық кезеңдерінің құрылыстағы мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бағалау бағаланатын кезеңнің Қазақстан Республикасының заңнамамен белгіленген мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкестілігін тексеру жолы арқылы жүзеге асады.

4.3 Құрылысы аяқталған объектілердің, сонымен қатар құрылыс процесінің барлық кезеңдерінің құрылыстағы мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін қамтамасыз ету инвестициялық процестің белгіленген кезеңінің нәтижелерін қалыптастыруға әсер ететін жағдайлар мен факторларға мақсатты әсер етумен, заңнамамен белгіленген талаптарды іске асыру негізінде қол жеткізіледі.

4.4 Мемлекеттік нормативтердің сәйкестілігін бағалау мен қамтамасыз ету жоба алдындағы кезеңде, жобалаған, құрылыс материалдарын дайындаған, құрылыс-монтаж жұмыстарын өндiрген және объектіні пайдалануға беріп-қабылдаған кездегі техникалық, экономикалық және ұйымдастырушылық шараларды іске асыру арқылы жүзеге асады.

4.5 Қазақстан Республикасының құрылысындағы сәйкестілікті бағалау жүйесі:

1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы техникалық регламенттердің, мемлекеттік нормативтердің (мемлекеттік нормативтік құжаттарды) міндетті талаптарынан және жобалау шарттары мен тапсырмаларында көрсетілген талаптардан;

2) ерікті қолдануға арналған құрылыстың ұлттық стандарттары мен нормативтік құжаттардың талаптарынан;

3) құрылыс процесіне қатысатын субъектілердің сапа менеджментіне қойылатын талаптардан;

4) осы тармақтың а), б), в) тармақшаларындағы талаптардың құрылыс процесінің барлық сатысында талаптардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету бойынша заң түрінде бекітілген нормалардан тұрады.

4.6 Қазақстан Республикасының құрылысындағы сәйкестілікті бағалау жүйесін іске асырудың негізгі тапсырмаларына:

1) Қазақстанның құрылыс саласында орын алған дұрыс тәжірибенің есебімен Еурокеңес елдерінің алдыңғы қатарлы тәжірибесінің негізінде құрылыстағы нормативтік-құқықтық актілерді, мемлекеттік нормативтерді;

2) жобаны ойластырудан бастап, объектіні пайдалануға беруге дейінгі инвестициялық процестің барлық кезеңінде бақылаудың нақтылығы мен тиімділігін көтеру мақсатында құрылыстағы сәулет-құрылыстық бақылау мен қадағалауды;

3) тапсырыс берушінің қызметін, жобалау, іздеу, құрылыс салу, инжинирингтік ұйымдар мен бақылау және қадағалау органдарын қоса, инвестициялық жобаны іске асыруға қатысатын барлық субъектілердің менеджмент жүйелерін жетілдіру жатады.

4.7 Құрылыс объектілерінің сәйкестілігін бағалау келесі қағидаттарға негізделеді:

- инвестициялық процеске қатысатын субъектілердің өзара қатынасын құрудың жүйелігі;

- бақылау-қадағалау субъектілерінің қызметіндегі қайталауды жоққа шығару;

- заңнамаға сәйкес бақылау-қадағалау құзіреті бар субъектіні дербестендіру;

- қабылданатын шешімдердегі коллегиялық жауапсыздықты жоққа шығару;

- жемқорлыққа қарсыластық;

- сәйкестілікті бағалау жүйесінде инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың тиімділігін көтеруді машықтандыратын механизмдердің бар болуы;

- инвестициялық процеске қатысатын субъектілердің құрылыс саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жазаның болмауы.

## **5 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ӘРБІР САТЫСЫНДАҒЫ СӘЙКЕСТІЛІКТІ БАҒАЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

5.1 Құрылыс қызметі (ары қарай – құрылыс) көптеген кезеңнен тұратын күрделі және көп факторлық инвестициялық процесс ретінде сипатталады. Құрылысы аяқталған объектінің соңғы өнімінің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін жалпы инвестициялық процестің әрбір кезеңінің осы кезеңдерге қойылатын мемлекеттік нормативтердің белгіленген талаптарға сәйкестілігін қамтамасыз ету керек.

Осы құрылыстағы басшылық құжаттың ережелері инвестициялық циклдің:

1) инвестициялық жобаның экономика-техникалық негіздемесі;

2) жер телімін жер заңнамасы мен елді мекеннің құрылысын салудың бас жоспарына сай таңдау;

3) инженерлік-геодезиялық іздеу;

4) объектіні инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосуға техникалық шартты беру;

5) сәулет-жоспарлық тапсырманы беру;

6) инженерлік-геологиялық іздеулер;

7) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;

8) жобалау-сметалық құжаттаманы сараптау;

9) жұмыс өндірісінің жобасын әзірлеу;

10) құрылысты ұйымдастыру жобасын әзірлеу;

11) объектінің құрылысын салуға рұқсат;

12) құрылыс-монтаж жұмыстарының өндірісі;

## **ҚР ҚБҚ 1.06-01-2011**

13) құрылысы аяқталған объектіні өткізу-қабылдау сияқты кезеңдері бойынша мемлекеттік нормативтерге сәйкестілікті бағалаудың тәртібін қалыптастыруға бағытталған.

5.2 Осы құрылыстағы басшылық құжатта 5.1 тармағында көрсетілген жалпы құрылыс процестерінің барлық кезеңінің сәйкестілігін бағалау мақсатында келесі тәртіп қабылданған:

- 1) сәйкестілікті бағалау объектісін анықтау;
- 2) әрбір кезеңге талап белгілеу;
- 3) өз қызметін белгілі кезең бойынша жүзеге асыратын субъектіні белгілеу және заңнамаға сәйкес оған қойылатын талаптарды анықтау;
- 4) өз қызметін белгілі кезең бойынша жүзеге асыратын субъектіге жауапкершілік шараларын белгілеу;
- 5) өз қызметін белгілі кезең бойынша жүзеге асыратын субъектінің қызметінің тиімділігін көтеруге қатысты машақтандыру механизмін анықтау;
- 6) кезеңді іске асыру барысын бақылаудың формасын белгілеу;
- 7) кезеңді жүзеге асыруға бақылауды жүзеге асыратын субъектіні анықтау;
- 8) кезеңді іске асыруға бақылауды жүзеге асыратын субъектіге қойылатын талаптарды белгілеу;
- 9) кезеңді іске асыруға бақылауды жүзеге асыратын субъектінің құқықтары мен міндеттерін белгілеу;
- 10) кезеңді іске асыруға бақылауды жүзеге асыратын субъектінің жауапкершілік шараларын белгілеу;
- 11) кезеңдердің құрылыстағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкестілігін бағалау құжатының соңғы формасын белгілеу.

## **6 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ӘРТҮРЛІ САТЫСЫНДАҒЫ СӘЙКЕСТІЛІКТІ БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

### **6.1 Техника-экономикалық негіздеу**

6.1.1 Құрылыс объектісінің техника-экономикалық негіздеуді әзірлеу және бекіту кезеңіндегі сәйкестілігін бағалау мен қамтамасыз етуді инвестициялық жобаның техника-экономикалық негіздеменің жобалау және жоба алдылық жұмыстар саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкестілігін (сараптау) тексеру жолы арқылы жүзеге асырылады.

6.1.2 Инвестициялық жобаны техника-экономикалық негіздеу (ТЭН) әзірлеу, келісу, бекіту жөніндегі нормативтік құжаттың негізінде және құрылысқа техника-экономикалық негіздеу құрамы бойынша әзірленеді.

6.1.3 ТЭН әзірлеу ТЭН әзірлеуші мен инвестициялық жобаның тапсырыс берушісінің арасындағы шартқа сәйкес жүзеге асады. ТЭН әзірлеудің техникалық тапсырмасын тапсырыс беруші жасайды және қажеттілік бойынша тапсырыс берушінің шешімі бойынша ТЭН әзірлеушімен келісіледі.

6.1.4 ТЭН құрамы мен мазмұны шығын мен пайдаға экономикалық сараптау жүргізу негізінде құрылыс жобасының тиімділігі мен жүзеге асыруды зерттеу нәтижелерінен тұратын әрбір бөлімді әзірлеу арқылы объектілердің құрылысын салуға арналған инвестицияның мақсатқа сәйкестілігі мен тиімділігін анықтау үшін жеткілікті болуы керек.

6.1.5 Инвестицияның экономикалық тиімділігі тиісті есептермен және объектінің техника-экономикалық көрсеткіштерін, егер ондайлар болса – аналогтардың жобаларымен салыстырумен расталуы керек.



6.1.6 ТЭН нәтижелері шаруашылық қажеттілік, техникалық мүмкіндік, құрылысқа инвестиция салудың коммерциялық, экономикалық және әлеуметтік мақсатқа сәйкестілігін туралы шешімдер қабылдау, объектіні орналастыру үшін жер телімін таңдау актісін алу үшін негіз болады.

6.1.7 ТЭН әзірлеуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтің осы түріне тиісті құқықтары бар субъектілер жүзеге асырады. ТЭН әзірлейтін субъектілерге келесі талаптар қойылады:

1) кәсіби біліктілік пен ТЭН әзірлеу тәжірибенің жеткілікті деңгейі бар мамандардың болуы;

2) жобалардың инвестициялық-қаржылық тартымдылығын бағалау және экономикалық сараптау саласында тәжірибелі мамандардың болуы;

3) әзірлеуші-ұйымның мамандары әзірлеген, тиісті саладағы ТЭН болуы;

4) автоматты түрде қалыптастыру және сметалық бағдарламаны Қазақстан Республикасының сметалық-нормативтік базасын пайдаланатын сметалық есептердің бағдарламасына беру мүмкіндігі арқылы 3D модельдеу негізінде жобалау бағдарламасының болуы.

6.1.8 ТЭН құрылыстағы мемлекеттік нормативтерге сәйкестігін бағалауды ТЭН сараптамасын жүргізу құқығына ие субъектілер, сонымен қатар заңнамамен белгіленген талаптарға сәйкес біліктілік мүмкіндіктерін растайтын, рұқсат құжаттары бар тәуелсіз сарапшылар да жүзеге асырады.

6.1.9 ТЭН сәйкестігін бағалауды жүзеге асыратын сарапшы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілген сараптамаға жауапкершілікте болады.

6.1.10 ТЭН бойынша жүргізілген сараптамалық жұмыстардың нәтижесінде сарапшы тапсырыс берушіге заңнамамен белгіленген форма бойынша инвестициялық жобаға техника-экономикалық негіздеудің сараптамалық қорытындысын береді.

## **6.2 Жер телімін бөлу**

6.2.1 Құрылыс объектісін елді мекеннің аумағында орналастыру мақсатында жер телімін бөлу кезінде құрылыс объектісінің сәйкестілігін бағалау мен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының елді мекендерінің құрылысын салу облысындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады.

6.2.2 Объектілердің құрылысын салу үшін жер телімін таңдауды қала құрылыстық құжаттамалар мен регламенттерге сәйкес және өрт қауіпсіздігін бақылау және қадағалау, қоршаған ортаны қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау органдарының өкілдерінің қатысуы арқылы жер қатынастары басқаруға қатысты аумақтық органдармен бірге сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

6.2.3 Мемлекеттік немесе жеке меншіктегі жерден жер теліміне құқық алу Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2.4 Мемлекеттік меншіктегі жерден жер теліміне құқық алу шарасы келесі жүйелілік бойынша жүргізіледі:

1) жер теліміне тиісті құқық беру туралы қолдау хат;

2) берілген қолдау хатты қанағаттандыру мүмкіндігін анықтау (жер телімін алдын-ала таңдау);

3) жерді қарастыратын жобаны әзірлеу және бекіту;

4) областың (республикалық мәндегі қала, елорда), ауданның (облыстық мәндегі қала), аудандың мәндегі қаланың, елді мекеннің, ауылдың, ауылдық округтың әкімінің жергілікті атқарушы органының, ал арнайы экономикалық аймақ аумағында тиісті

## **ҚР ҚБҚ 1.06-01-2011**

әкімшілік-аумақтық бірлікті жергілікті атқарушы органның немесе өз құзіреті шегінде арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігінің шешім қабылдауы;

- 5) жерде жер телімінің шекарасын белгілеу;
- 6) жер телімі құқығын қанағаттандыратын құжаттарды дайындау және беру;
- 7) жер телімі құқығын мемлекеттік тіркеу.

6.2.5 Қазақстан Республикасы елді мекенінің аумағының құрылысын салу кезеңіндегі сәйкестілікті бағалау мемлекеттік нормативтердің келесі ережелерінің орындалуын тексеру негізінде жүзеге асады:

а) құрылыс объектісі үшін құжатты орналастыру, ұсыну және құқықтық рәсімдеудің тәртібі мен шарттары, оның ішінде:

- құрылысты елді мекеннің аумағында кешенді орналастыру және нақты объектілер үшін алаңды таңдау;

- құрылыс объектілерін арнайы мақсаттағы, немесе мемлекет қорғайтын аумақтарда орналастыру және абаттандыру;

- жер телімін ұсыну;

- елді мекеннің құрылысын салу, абаттандыру, көгалдандыру және сәулеттік-көркем рәсімдеудің, құрылысты бекітілген жобалар бойынша жүзеге асыру мен объектілерді пайдалануға беруге қабылдаудың жобалық-сметалық құжаттамасын келісу;

- құрылыс объектісін құқықтық рәсімдеу.

б) құрылысты жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары, оның ішінде:

- құрылыс объектісін орналастыру (алаңды таңдау);

- жер телімін ұсыну (жергілікті атқарушы органның шешімі);

- құрылыс объектісі үшін шығыс деректерді беру;

- объектінің құрылысын салудың жобалық-сметалық құжаттамасын алдын-ала келісу және жер телімін таңдау актісін бекіту (қажетті жағдайларда);

- жобалау-сметалық құжаттаманы келісу, сараптау (қажетті жағдайларда);

- құрылыс жұмыстарын орындауға рұқсат беру, құрылыс сапасын және құрылысы аяқталған объектілерді пайдалануға беруді бақылау.

6.2.6 Елді мекеннің аумағының құрылысын салған кезде объектілерді нақты жер телімінде орналастыру шарттары мен мүмкіндіктерін қарастыру бөлігінде мемлекеттік нормативтердің қағидаларын орындауды тексеру Қазақстан Республикасының жер заңнамасының тәртіптеріне сәйкес жүзеге асырылады.

6.2.7 Елді мекеннің аумағының құрылысын салған кезде қала құрылыстық нормаларды сақтау бөлігінде құрылысы салу көзделген объектілерді жоспарлау мен орналастыру жұмыстарының сәулет және қала құрылысының жергілікті органдарының қызметін реттейтін мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **6.3 Инженерлік-геодезиялық іздеулер**

6.3.1. Жобалау-сметалық құжаттаманы негіздеу, қала құрылыстық құжаттаманы қоса құрылысты дайындау, сонымен қатар құрылыс кезеңінде орындалатын инженерлік-геодезиялық іздеуді негіздеу үшін инженерлік-геодезиялық іздеу сатысында құрылыс объектісінің сәйкестігін бағалау мен қамтамасыз ету құрылысқа арналған инженерлік-геодезиялық іздеу өндірісі саласындағы мемлекеттік нормативке сай жүзеге асырылады.

6.3.2. Құрылысқа арналған инженерлік-геодезиялық іздеуді заңнамамен белгіленген тәртіптерге сәйкес келетін біліктілікті мүмкіндіктерін растайтын, рұқсат қағаздары бар заңды және жеке тұлғалар орындайды.

6.3.3. Инженерлік-геодезиялық іздеу кезеңінде құрылыс объектісінің сәйкестілігін бағалаған кезде құрылыс алаңында орындалатын геодезиялық жұмыстардың құрамы тексеріледі. Инженерлік-геодезиялық іздеудің құрамына:

- құрылыс алаңының бөлу желісін салу мен ғимараттар мен имараттардың (ірі және күрделі объектілер мен 9 қабаттан жоғары ғимараттар үшін – ғимараттың, имараттың сыртқы бөлу желілерін соғу), магистралдық және алаңнан тыс сызықтық имараттардың негізгі немесе бас бөлу осьтерінің жаратылысына шығарудан тұратын құрылысқа арналған, сонымен қатар технологиялық жабдықтың монтажы үшін геодезиялық бөлу негізін құру;

- технологиялық жабдықтың монтажы үшін шығыс және монтаждық горизонт пен бөлетін осьте ғимараттың (имараттың) ішкі бөлу желісін жасау;

- ғимараттың (имараттың) геометриялық параметрлерінің нақтылығына геодезиялық бақылау жасау мен атқарушы геодезиялық құжаттаманы құру арқылы атқарушы түсірілімдер жасау;

- ғимараттың (имараттың) және олардың бөліктерінің іргесінің деформациясын геодезиялық өлшеу кіруі керек.

6.3.4. Құрылыс объектілерінің сәйкестілігін бағалаған кезде инженерлік-геодезиялық іздеулер сатысында дайындық, дала және камералдық кезеңдердің жүйелілігінің сақталуы тексеріледі.

6.3.5. Дайындық кезеңінде:

- құрылыс үшін инженерлік іздеу өндірісі құқығына тиісті лицензияларды рәсімдеу;

- техникалық тапсырысты алу мен шарт құжаттарын дайындау;

- өткен жылдардың инженерлік іздеу материалдарын, топографиялық-геодезиялық, картографиялық, аэрофото түсірілім және басқа материалдарды, құрылыс ауданының деректерін жинау мен талдау;

- инженерлік-геодезиялық іздеу бағдарламасын (ұйғарымын) тапсырыс берушінің техникалық тапсырысының талаптарына сәйкес, сонымен қатар аумақтың қауіпті табиғи және техногендік шарттарының есебімен дайындау;

- белгілі тәртіп бойынша инженерлік-геодезиялық іздеу өндірісін тіркеу (рұқсат алу) орындалуы керек.

6.3.6. Дала кезеңінде аумақты (акваторияны) рекогносцирленген тексеру және инженерлік-геодезиялық іздеу құрамындағы дала жұмыстарының кешені, сонымен қатар есептеу және олардың сапасын, толықтығы мен нақтылығын бақылауды қамтамасыз етуге арналған басқа жұмыстардың қажетті көлемі жүргізілуі керек.

6.3.7. Камералдық кезеңде:

- дала материалдары мен жобалау және құрылыс салу үшін объектілер, жағдай элементтері мен жер рельефінің элементтері, олардың техникалық сипаттарын көрсету арқылы жерастылық және жерүстілік имараттар туралы, сонымен қатар қауіпті табиғи және техно-табиғи процестер туралы ақпараты бар алынған нәтижелердің нақтылығының бағасы бар деректерді соңғы рет өңдеу;

- орындалған инженерлік-геодезиялық іздеудің нәтижелері бойынша қажетті қосымшалары бар техникалық есептерді (түсіндіру хаттарын) жасау және оларды тапсырыс берушіге өткізу; белгілі тәртіп бойынша орындалған инженерлік-геодезиялық іздеудің есептік материалдарын мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес мемлекеттік қорларға өткізу жүргізілуі керек.

6.3.8. Құрылыс объектілерінің сәйкестілігін бағалаған кезде инженерлік-геодезиялық іздеулер сатысында топографиялық-геодезиялық жұмыстарды орындауға арналған аспаптар мен жабдықтар тексеруден өтеді. Олар қауіпті және зиянды өндірістік факторлар туу үшін себеп болмайтындай етіп конструкцияланған және дайындалған болуы керек және техникалық реттеу саласындағы заңнамаға сәйкес метрологиялық аттестациядан өткен болуы керек.

6.3.9. Топографиялық-геодезиялық жұмыстарды орындауға арнайы дайындықтан өткен және заңнамалық белгіленген талаптарға сәйкес келетін біліктілік мүмкіндіктерін растайтын дайындық құжаттары бар мамандар жіберіледі.

6.3.10. Инженерлік-геодезиялық жұмыс нәтижелерінің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бақылау кіріс бақылау, операциялық бақылау және қабылдайтын бақылауды қарастыратын субъектінің ішкі бақылауы арқылы жүзеге асырылады.

6.3.11. Инженерлік-геодезиялық жұмыс нәтижелерінің құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін ішкі бақылауды тапсырыс беруші тартқан заңнамамен белгіленген рұқсат құжаттамасы бар компания жүргізеді.

#### **6.4 Инженерлік-геологиялық іздеулер**

6.4.1. Инженерлік-геодезиялық іздеулер сатысында құрылыс объектілерінің сәйкестілігін бағалау мен қамтамасыз ету құрылыс үшін инженерлік-геологиялық іздеу өндірісі саласындағы мемлекеттік нормативке сәйкес жүзеге асырылады.

6.4.2. Құрылыс үшін инженерлік-геологиялық іздеуді заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша инженерлік-геологиялық іздеу өндірісіне рұқсат құжаттама алған заңды және жеке тұлғалар орындайды.

6.4.3. Инженерлік-геодезиялық іздеулер сатысында құрылыс объектілерінің сәйкестілігін бағалау аясында жобаланған құрылыс ауданының (алаңының, телімінің, трассасының) инженерлік-геологиялық жағдайларын зерттеу кешенділігін қамтамасыз ету мүмкіндігі, жобаланған объектілердің геологиялық ортамен өзара қатынасы саласында инженерлік-геологиялық жағдайлардың ықтимал өзгеруінің болжамы тексерілуі керек.

6.4.4. Іздеу жұмыстарын жүргізген кездегі, сапаны ішкі бақылау, іздеу материалдарын қабылдау кезіндегі, сонымен қатар инженерлік-геодезиялық іздеулер сатысында құрылыс объектілерінің сәйкестілігін бағалау кезінде техникалық есептерді сараптау кезіндегі негізгі құжат – инженерлік іздеудің бағдарламасы болып табылады.

6.4.5. Инженерлік іздеу бағдарламасын тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасының негізінде мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес және бұрын орындалған инженерлік іздеу материалдарын және іздеу ауданының, телімінің, трассасының табиғи жағдайлары туралы басқа мәліметтерді пайдалану және егер ауданды далалық тексеру жүргізілген болса – далалық тексеру нәтижелерінің есебімен іздеу ұйымы (бөлімше) құруы керек.

6.4.6. Инженерлік іздеу бағдарламасында тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасының негізінде жоба алдылық жұмыстардың кезеңінен немесе жобалау сатысынан (жоба, жұмыс құжаттамасы), құрылыс түрінен, ғимарат пен имараттың типінен, олардың мақсаттарынан, зерттелетін аумақтың алаңынан, оның зерттелу дәрежесі мен инженерлік-геологиялық жағдайларының күрделілігінен шыға отырып, инженерлік-геологиялық жұмыстардың құрамы мен көлемдері белгіленуі керек.

6.4.7. Инженерлік-геодезиялық іздеулер сатысында құрылыс объектілерінің сәйкестілігін бағалаған кезде инженерлік-геологиялық іздеудің құрамы тексеріледі, оның ішіне келесі бөлімдер кіреді:

- 1) өткен жылдардың материалдарын жинау және өңдеу;
- 2) ғарыш-аэро фотоматериалдарын дешифрлеу және аэровизуалдық бақылау;
- 3) аэровизуалдық және бағыттық бақылауды қоса, рекогносцирленген тексеру;
- 4) тау тыныстарының ұңғымалары;
- 5) геофизикалық зерттеу;
- 6) топырақты далалық зерттеу;
- 7) гидрогеологиялық зерттеулер;

8) стационарлық бақылау (геологиялық ортаның компоненттерін жергілікті мониторингтеу);

9) топырақтарды, жерастылық және үстіңгі суларды зертханалық зерттеу;

10) қолданыстағы ғимараттар мен имараттар іргетастары іргелерінің топырақтарын зерттеу;

11) инженерлік-геологиялық жағдайлардың өзгерінің болжамын жасау;

12) құрылыстың жеке алаңдарының сейсмикалығын нақтылау;

13) материалдарды камералдық өңдеу және техникалық есепті құру.

6.4.8. Жоба алдылық құжаттаманы негіздеу мақсатында құрылыс үшін инженерлік іздеу өңірдің (ауданның, алаңның, трассаның) табиғи және техногендік жағдайларын кешенді зерттеуді, осы жағдайлардың құрылыс объектілерінің өзара қатынас кезінде ықтимал өгеруінің болжамын құруды қамтамасыз етуі керек.

6.4.9. Кәсіпорын, ғимарат және имарат құрылысын салуға инвестицияны негіздеуді дайындауға арналған инженерлік іздеулер:

1) алаңды (трассаны) таңдауды,

2) құрылыстың базалық бағасын анықтауды;

3) ең ірі және күрделі ғимараттар мен имараттар және оларды инженерлік қорғауға қатысты қағидаттық көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімдерді қабылдауды;

4) құрылыс объектілерін орналастыру схемаларын (жағдайлық және бас жоспарларды) құруды;

5) құрылыс объектісінің қоршаған ортаға әсер етуін бағалауды негіздеу үшін құрылысты орналастыру орындарының көзделген нұсқаларының табиғи және техногендік жағдайлары туралы қажетті және жеткілікті материалдарды (деректерді) алуды қамтамасыз етуі керек.

6.4.10. Кәсіпорынның, ғимараттың және имараттың жобасын әзірлеу мақсатында құрылыс салудың инженерлік іздеулері табиғи және техногендік жағдайлар мен олардың құрамындағы өзгерістерді болжау туралы қажетті және жеткілікті материалдар мен деректерді құрылыс объектісінің таңдалған алаң (трасса) аумағы бойынша жобалық шешімдерді әзірлеу үшін бөлшектегі және жетерліктей болуын қамтамасыз етулері керек.

6.4.11. «Жоба» сатысындағы инженерлік іздеулер ғимарат пен имаратты жинақтауды негіздеу, оларға конструктивтік және көлемдік-жоспарлық шешімдер қабылдау, жобаланатын объектінің жағдайлық және бас жоспарларын құру, шараларды әзірлеу мен инженерлік қорғау имараттарын жобалау, қоршаған ортаны қорғауға қатысты шаралар, құрылысты ұйымдастыру жобасы үшін қажетті материалдарды алуды қамтамасыз етуі керек.

6.4.12. Ғимарат пен имаратқа жұмыс құжаттамасын әзірлеу мақсатында құрылысқа арналған инженерлік іздеулер ғимарат пен имараттың қоршаған ортамен өзара қатынасы саласындағы табиғи жағдайларын бөлшектеу мен нақтылауды қамтамасыз етуі керек. Жобалау-сметалық құжаттаманың осы кезеңіне арналған іздеулер ғимараттар мен имараттардың іргелерін, іргетастарын және конструкцияларын, олардың инженерлік қорғауын есептеу үшін, профилактикалық және басқа қажетті шараларды, жер жұмыстарының өндірістерін жүзеге асыруға қатысты соңғы шешімдерді әзірлеу үшін, сонымен қатар жобаны әзірлеу, келісу және (немесе) бекіту барысында тууы мүмкін жеке сұрақтарға қатысты жобалық шешімдерді нақтылау үшін қажетті материалдарды алуға мүмкіндік беруі керек.

## **ҚР ҚБҚ 1.06-01-2011**

6.4.13. Инженерлік-геодезиялық іздеулер сатысында құрылыс объектілерінің сәйкестілігін бағалаған кезде техникалық есеп (жеке ғимараттар мен имараттарды жобалауға арналған қарапайым табиғи жағдайлардағы инженерлік іздеу кезіндегі қорытынды немесе түсіндірме хат) тексеріледі, ол тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасы мен іздеу бағдарламасымен қарастырылған деректерден, сонымен қатар бағдарламаны рұқсатты өзгертуді негіздеуден тұрады.

6.4.14. Техникалық есептің (қорытындының) құрамына есептің мәтіні, мәтіндік және графикалық қосымшалар кіруі керек. Инженерлік іздеудің есептік материалдары объектіні жобалау және құрылысын салу мен аумақты инженерлік дайындау кезіндегі табиғи жағдайларды есепке алуға қатысты кеңестер мен ұсыныстардан, сонымен қатар жобалаудың келесі сатылары үшін іздеу өндірісіне қатысты кеңестерден тұруы керек.

6.3.12. Инженерлік-геологиялық жұмыстардың мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бақылау кіріс бақылау, операциялық бақылау және қабылдайтын бақылауды қарастыратын субъектінің ішкі бақылауы арқылы жүзеге асырылады.

6.4.15. Инженерлік-геологиялық жұмыс нәтижелерінің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін ішкі бақылауды тапсырыс беруші тартқан инжинирингтік компания, немесе заңнамамен белгіленген рұқсат құжаттамасы бар пайдалануға беру компаниясы жүргізеді.

### **6.5 Объектіні инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне техникалық шарттарды қосуды келісу**

6.5.1. Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілерін пайдалануға беретін ұйым мен жер телімдерінің меншік иелерінің арасында құрылыс объектілерін инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосудың техникалық шарттарын (ары қарай – техникалық шарттар) анықтау мен беру процесі кезінде туындаған қатынастарды реттеу сатысында құрылыс объектілерінің сәйкестілігін бағалау мен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.5.2. Техникалық шарттар келесі деректерден тұруы керек:

- 1) қосудың ықтимал нүктелеріндегі максималдық жүктеме;
- 2) құрылыс объектілерін инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосудың, инвестициялық бағдарламаларды іске қосу мерзімдеріне байланысты анықталатын мерзім;
- 3) аяқталған кезде берілген техникалық шарттардың параметрлері өзгеруі мүмкін техникалық шарттардың әрекетінің мерзімі.

6.5.3. Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілерін пайдалануға беретін ұйым жер телімінің меншік иесінің сұранысы бойынша:

- 1) тиісті ресурстардың өндірісі мен инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілерінің қосу қабілеттілігі бойынша талдаудың негізінде, ал өзара қосу нүктелерінде – инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілерінің технологиялық байланыстарын пайдалануға беруді жүзеге асыратын ұйымдармен бірге көрсетілген талдаудың есебімен;
- 2) құрылыс объектілерін қолданыстағы инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосудың баламалық нұсқаларын бағалаудың есебімен;
- 3) ондай ұйымның бұрын берілген техникалық шарттарға сәйкес құрылыс объектілерін инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосуды қамтамасыз ету міндеттерінің есебімен техникалық шарттарды анықтайды.

6.5.4. Құрылыс объектілерін инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосу сатысында құрылыс объектілерінің сәйкестілігін бағалаған кезде тиісті ресурстарды жарактандыру мен тасымалдау мүмкіндіктері қарастырылады. Инженерлік-техникалық желілерді қосуға рұқсат:

1) ресурстың қажетті көлемін беруді қамтамасыз ететін желінің өткізу қабілеттілігі резерві бар болған кезде;

2) тиісті ресурс өндірісі бойынша қуаттылық резерві бар болған кезде беріледі.

6.5.5. Жер телімінің иесіне берілген техникалық шарттардың сәйкестілігін бағалау инвестициялық процесті іске қосу мақсатында инженерлік желілерді пайдалануға беретін ұйымдардың қатынастарын реттеудің тиісті саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **6.6 Сәулет-жоспарлық тапсырманы беру**

6.6.1. Сәулет-жоспарлық тапсырманы беру сатысында құрылыс объектілерінің сәйкестілігін бағалау мен қамтамасыз ету сәулет, қала құрылысының жергілікті органдарының қызметін реттеу саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады. Сәулет-жоспарлық тапсырманы (СЖТ) сәулет және қала құрылысының жергілікті органдары жер телімінің құқық иелеріне оларға инвестициялық жобаны іске қосу мүмкіндігін беру мақсатында береді.

6.6.2. СЖТ талаптары елді мекендердің аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнаманың нормаларын көрсетеді және:

1) объектінің қоршаған ортаға әсер етуін бағалауды есептеу және табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалануға, экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге қатысты шараларды белгілеу;

2) елді, аумақты және елді мекендерді қауіпті (зиянды) техногендік және антропогендік жаратылыстар мен процестердің әсерінен қорғауға қатысты заңнамамен белгіленген талаптарды қамтамасыз ету;

3) заңнамалық тәртіп бойынша тарихи, мәдени құндылықтар болып табылған және ландшафттық объектілермен қорғалған аумақтар мен объектілердің сақтылығын қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

6.6.3. Объектілерді қалада жобалаудың СЖТ объектінің мақсатына, негізгі параметрлеріне және нақты жер телімінде (аланда, трассада) орналастыруға қойылатын талаптардың, сонымен қатар қала құрылыстық регламенттермен және басқа нормативтік актілермен белгіленген жобалаудың міндетті талаптарының, шарттары мен шектеулерінің кешені болып табылады.

6.6.4. СЖТ әртүрлі мақсаттағы объектілерді жобалауға қатысты жалпы кеңестер табиғи-климаттық, сейсмикалық және қала құрылысы шарттарының есебімен енгізіледі.

6.6.5. СЖТ рұқсат берілген құрылыс пен жобалау және бөлінген аумақтың, оның жеке телімінің құрылысын салудың шарттарына:

1) қолданыстағы құрылыстың, қала құрылыстық регламенттердің есебімен жобаланатын ғимараттың, имараттың, кешеннің жалпы көлемдік-кеңестіктік композициясы бойынша;

2) ұсынылған жер телімін (оған жанасқан бекітілген аумақты) абаттандыру бойынша;

3) аумақты инженерлік дайындау, топырақ суларының деңгейін төмендету, жауын және жиналған суларды шатырлар мен объектіге жанасқан аумақтан бұру, шұңқырларды көму, аумақты кептіру, аумақты көгалдандыру мен абаттандыру, көшеттерді суғаруды ұйымдастыру, көшенің жүретін жерлері мен тротуарлардың жабыны, шағын сәулеттік формалар, жарнама, жарықтандыру және тәуліктің қараңғы кезіндегі шам жағу, басқа да жұмыстар бойынша;

## **ҚР ҚБҚ 1.06-01-2011**

4) олардың құрылысын қаржыландыру көздерін анықтау арқылы жалпы қала қажеттілігі үшін ғимаратқа жанаса салынған үй-жайлардың функционалдық мақсаты бойынша;

5) құрылыстың техникалық шарттары, санитарлық, экологиялық және өртке қарсы талаптар, тапсырыс берушінің немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыстың жергілікті органы инженерлік және коммуналдық объектілер мен желілерді пайдалануға беретін ұйымдардан және инженерлік қызметтерден алған инженерлік желілерге қосу шарттары бойынша шекті параметрлері белгіленеді.

6.6.6. СЖТ алудың жұмыстарын тапсырыс беруші немесе шарт бойынша осы жұмыстарды орындау тапсырылған субъект жүргізеді.

6.6.7. Сәулет, қала құрылысы және құрылыстың жергілікті органдары СЖТ қала құрылыстық регламенттер мен мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігі үшін заңнамамен белгіленген нормаларға сай жауапкершілікте болады.

6.6.8. Тапсырыс берушіге инвестициялық жобаны іске қосу үшін берілген сәулет-жоспарлық тапсырманың мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бағалау сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **6.7 Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу**

#### **6.7.1 Жалпы ережелер**

6.7.1.1 Құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу сатысында құрылыс объектісінің сәйкестілігін бағалау мен қамтамасыз ету жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады.

6.7.1.2 Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтің сол түріне тиісті құқығы бар субъектілер жүзеге асырады. Құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу сатысында құрылыс объектісінің сәйкестілігін бағалаған кезде жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлейтін субъектілердің (ары қарай – жобалаушылар) біліктілік мүмкіндіктері тексеріледі. Жобалаушыларға келесі талаптар қойылады:

1) кәсіби біліктіліктің жеткілікті деңгейі мен жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша тәжірибесі бар мамандар болуы керек;

2) әзірлеуші-ұйымның мамандары әзірлеген тиісті салаларда жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу тәжірибесінің бар болуы керек;

3) жобалау-сметалық құжаттаманың арнайы бөлімдерін әзірлеу тәжірибесі бар мамандар бар болуы керек.

6.7.1.3 Сәйкестілікті бағалаған кезде жобалау-сметалық құжаттама адамның өмір сүруі мен қызмет етуінің толыққанды ортасын қалыптастыруға, жобаланатын объектілердің қауіпсіз және тұрақты функционерлеуін қамтамасыз етуге, инвестицияның тиімділігіне, материалдық-техникалық және еңбек шығындарын оңтайландыруға, табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалануға бағытталған талаптарға қаншалықты жауап беретіндігі тексеріледі. Көрсетілген талаптар жоба алдылық және (немесе) жобалау-сметалық (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу тапсырмасын орындаудың шартының ажырамас бөлігі болып табылатын жобалау тапсырмасының негізінде орындалуы керек.

6.7.1.4 Жобалау тапсырмасын тапсырыс беруші, немесе оның уәкілетті өкілі құрайды, тапсырыс беруші бекітеді және қала құрылыстық регламенттерден, объектінің талап етілетін параметрлерінен, басқа да шығыс деректерінен тұруы керек.

6.7.1.5 Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу сатысында сәйкестілікті бағалау жобаны жалпы қала құрылыстық жобаларда (елді мекеннің бас жоспарында, бөлшектеп



жоспарлау жобаларында, құрылыс салу жобаларында) қабылданған және бекітілген жалпы жоспарлық және көлемдік-кеңістіктік шешімдердің, техникалық, технологиялық, инженерлік және экологиялық жобалау шешімдерінің мемлекеттік нормативтерде белгіленген талаптарға сәйкестілігін тексеруден тұрады.

### 6.7.2 Құрылысты ұйымдастыру жобасы

6.7.2.1 Объектіні жоспарланған мерзімде қолданысқа енгізуді қамтамасыз ету бөлігінде құрылыс объектісінің сәйкестілігін бағалау құрылысты ұйымдастыру жобасын тексеру негізінде жүзеге асырылады. Құрылысты ұйымдастыру жобасы құрылыс-монтаж жұмыстарының капиталдық салымдары мен көлемдерін құрылыстың кезеңдері мен мерзімдері бойынша құрылыстың тиісті ұйымдастырушылық-техникалық деңгейін қамтамасыз ету есебінен оңтайлы бөлу үшін негіз болады.

6.7.2.2 Егер құрылысты ұйымдастыру жобасы жұмыс жобасының құрамында әзірленбеген болса, онда құрылыс объектісінің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін және құрылыстың қауіпсіздік талаптарына сәйкестілігін бағалауға қатысты бақылау шараларының тізімі мен тәртібі құрылыс қатысушыларының арасындағы мердігерлік шарттың шарттарымен белгіленеді. Бұл жағдайда объектіні енгізудің жоспарлық мерзімдерін сақтауға қатысты инвестициялық жобаны жүзеге асырудың сәйкестілігін бағалаудың негізіне мердігерлік шарт жатады.

6.7.2.3 Құрылысты ұйымдастыру жобасы, әдетте, жобалау-сметалық құжаттамада (жұмыс сызбасында) қарастырылған құрылыстың барлық көлеміне әзірленеді. Құрылысты ұйымдастыру жобасының құрамында:

- ішінде негізгі және көмекші ғимараттар мен имараттардың құрылысын салудың, құрылыс-монтаж жұмыстарының инвестициялары мен көлемдерін құрылыс кезеңдері мен уақыт бойынша бөлу арқылы дайындық кезеңінің жұмыстары мен қосу кешендерінің кезегі мен мерзімі берілетін құрылыстың күнтізбелік жоспары; құрылыстың күнтізбелік жоспарының негізінде объектідегі құрылыс-монтаж жұмыстары өндірісінің бас кестесі құрылады, оған дамыту және нақтылау ретінде жыл мен тоқсанға бөлінген кестелер беріледі;

- соғылатын ғимараттар мен имараттарды, уақытша инвентарлық ғимараттар мен имараттарды орналастыруға арналған телімдерді, негізгі инженерлік коммуникацияларды, қоймаларды, монтаждық крандарды, өндірістік база объектілерін, сонымен қатар қолданыстағы және көшірілетін құрылыстарды орналастыру көрсетілген құрылыстың бас жоспары;

- негізгі технологиялық процестердің жүйелігі мен құрамын сипаттау арқылы ғимаратты (имаратты) салудың ұйымдастырушы-технологиялық схемалары;

- жеке объектілер, қосу кешендері мен құрылыстың кезеңдері бойынша жұмыстарды бөлу арқылы құрылыс жұмыстары көлемінің ведомосты;

- объектілер, қосу кешендері мен құрылыс мерзімдері бойынша бөлу арқылы құрылыс конструкцияларына, бұйымдары мен материалдарына қажеттілік кестесі;

- негізгі құрылыс машиналарына қажеттілік кестесі;

- жұмыс кадрларына қажеттілік кестесі;

- тұрақты әрекет ететін геодезиялық топты құру мен ұйымдастыру үшін геодезиялық бөлу негізін соғу тәртібі туралы нұсқаулар;

- құрылыс жағдайының сипаты, қабылданған шешімдер, негізгі техника-экономикалық көрсеткіштер бойынша негіздейтін материалдары бар түсіндірме қағаз әзірленеді.

6.7.1.6 Құрылысты ұйымдастыру жобасының сәйкестілігін бағалау жобалау шешімдерде:

## **ҚР ҚБҚ 1.06-01-2011**

- құрылыс ұзақтығының ең аз мерзімін қамтамасыз ету мақсатында құрылысты ұйымдастыру мен басқарудың алдыңғы қатарлы әдістерін қолдану;
- объектінің жобалық қуаттылығын берілген мерзімде игеру;
- құрылыстың мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігінің берілген деңгейін қамтамасыз ететін технологиялық процестерді қолдану;
- алдыңғы қатарлы техникалық құралдар мен құрылыс өндірісін басқарудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалану;
- құрылысқа конструкцияларды, бұйымдар мен материалдарды жеткізудің кешенділігі;
- жұмыс фронтын барынша пайдалану, құрылыс процесінің үзілмеуі мен ағымдылығын, ресурстар мен өндірістік қуаттылықты тең пайдалануды қамтамасыз ету арқылы құрылыс процестерін бірлестіру;
- алдыңғы қатарлы құрылыс конструкцияларын, бұйымдары мен материалдарын қолдану;
- өндірістік машиналарды барынша пайдалану кезіндегі жұмыстың механизациясы;
- құрылыс конструкцияларын монтаждаудың алдыңғы қатарлы әдістерін пайдалану;
- технологиялық жабдықтарды ірілендірілген блоктармен жеткізу және монтаждау;
- қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғауға қойылатын талаптарды сақтау сияқты шаралардың бар екендігін тексереді.

### **6.7.3 Жұмыс өндірісінің жобасы**

6.7.3.1 Құрылыстың мерзімін қысқарту мен құрылыс-монтаж жұмыстарының мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін қамтамасыз етуге ықпал ететін құрылыс-монтаж жұмыстарының ең тиімді технологиясын таңдау бөлігінде құрылыс объектісінің сәйкестілігін бағалау құрылыс жұмыстары өндірісінің жобасын тексеру негізінде іске асырылады.

6.7.3.2 Жұмыс өндірісінің жобасы құрылыстың дайындық кезеңіндегі жұмыстарға құрылысты ұйымдастыру жобасының негізіндегі, құрылыс-монтаж жұмыстарының жеке түрлерін орындауға, сонымен қатар жалпы объектіні және (немесе) оның құрамдас бөліктерін салуға қатысты жұмыс сызбалары бойынша әзірленеді.

6.7.3.3 Құрылыс жұмыстарының өндірісінің жобасының сәйкестілігін бағалау аясында:

- 1) объект бойынша жұмыс өндірісінің күнтізбелік жоспары;
- 2) құрылыс бас жоспары;
- 3) объектіге құрылыс конструкцияларының, бұйымдары мен материалдарының түсуінің кестесі;
- 4) жұмыс кадрларына қажеттілік кестесі;
- 5) негізгі құрылыс машиналарына қажеттілік кестесі;
- 6) жұмыстардың жеке түрлеріне жасалған технологиялық карталар;
- 7) геодезиялық жұмыс өндірісіне қатысты шешімдер;
- 8) еңбекті қорғау және қауіпсіздікке қатысты шаралар;
- 9) түсіндірме қағазы тексеріледі.

6.7.3.4 Жұмыс өндірісінің күнтізбелік жоспары объектінің күрделілігіне, жұмыс көлемдері мен технологиясына байланысты жұмысты орындау жүйелілігі мен мерзімдерін белгілеуі керек. Күнтізбелік жоспардың деректері бойынша машинаға, жұмысшыларға, құрылыс конструкцияларына, бұйымдары мен материалдарына, технологиялық жабдыққа қажеттілік анықталады, жұмыс кестесі бірліктермен құрастырылады: жұмыс көлемі – уақыты (күн, апта, ай).

6.7.3.5 Құрылыстың бас жоспары:

- 1) тұрақты және уақытша көлік жолдарын орналастырудан;
- 2) сумен жабдықтау, кәріз, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау желілерінің схемаларынан;
- 3) әкімшілік-шаруашылық және диспетчерлік байланыстың схемаларынан;
- 4) монтаждық крандарды орналастырудан;
- 5) қоймаларды, құрылысты қамтамасыз ету үшін пайдаланатын уақытша инвентарлық ғимараттарды, имараттарды, жабдықтарды орналастырудан тұруы керек.

#### 6.7.3.6 Түсіндірме қағаз:

- 1) жобада қабылданған шешімдерді сипаттау мен негіздеуден;
- 2) электр энергиясының, судың, будың, оттегінің, қысылған ауаның қажеттілігінің есебінен, құрылыс алаңы мен жұмыс орындарын уақытша жарықтандыру құралының жұмыс сызбаларынан, қоректену көзінен объектіге қарай желі тартудан;
- 3) олардың қажеттілігінің есебімен шағын (инвентарлық) ғимараттар мен имараттардың тізімінен;
- 4) жұмыс өндірісі жобасының техника-экономикалық көрсеткіштерінен тұруы керек.

6.7.3.7 Жұмыс өндірісі жобасын әзірлеу сатысында құрылыс объектісінің сәйкестілігін бағалаған кезде тексерудің соңғы бөліміне құрылыс-монтаж жұмыстарының еңбек сiңiргiштiгi, ұзақтығы мен бағасы ретiнде техника-экономикалық көрсеткіштер жатады.

### **6.7.4 Жобалау-сметалық құжаттаманы мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бағалау**

6.7.4.1 Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу сатысында құрылыс объектісінің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бағалауды жобалаушының өзін іштей бақылау және сырттай бақылау негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылыс жобаларына сараптама жүргізуге уәкілетті субъектілер іске асырады.

6.7.4.2 Жобалау процесі кезінде жобалау-сметалық құжаттаманың мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бақылау кіріс бақылау, операциялық бақылау және қабылдайтын бақылауды қарастыратын жобалаушының ішкі бақылауы арқылы жүзеге асырылады. Жобалаушының қызметін реттеу саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес ішкі бақылау арқылы сәйкестілікті бағалауды жүзеге асыру жауапкершілігі жобаның бас сәулетшісіне немесе жобаның бас инженеріне жүктеледі.

6.7.4.3 Жобалаушының ішкі бақылауы жүйесі аясында жобалардың мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігі жобалардың бас сәулетшісіне (бас инженеріне):

- қала құрылыстық, сәулет-жоспарлық, техникалық және экономикалық мақсатқа сәйкестілік пен жалпы жобаның жоғары сапасы, жоғары техника-экономикалық деңгей мен жобаның техника-экономикалық көрсеткіштері;

- жобалау-сметалық фирманың жанасқан бөлімшелері мен қосалқы мердігер ұйымдар берген жобалау тапсырмасының сапасы;

- жобалау-жоспарлық құжаттаманы әзірлеудің белгіленген мерзімдері мен оны тапсырыс берушіге уақытылы, кешенді жеткізуді сақтау;

- әзірленетін жобалардың сметалық және шарттық бағасын анықтаудың дұрыстылығы;

- жобада қолданыстағы заңнаманы, қолданыстағы нормалардың, стандарттардың, бұйрықтардың, өкімдер мен нұсқаулардың талаптарын, сонымен қатар жобаны кешенді және тиісті көлемде әзірлеуге қойылатын талаптардың сақталуы;

- жобалау шартына берілген сметаға сәйкес ақша құралдарын дұрыс пайдалану, және орындалған жұмыстардың көлемдерін анықтаудың дұрыстығы;

- жобалаудың әртүрлі кезеңінде жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру;

## ҚР ҚБҚ 1.06-01-2011

- өзіне жүктелген барлық міндеттерді толық және уақытылы орындау үшін жауапкершілікті бекіту арқылы қамтамасыз етіледі.

6.7.4.4 Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу аяқталғаннан кейін мемлекеттік нормативтерге сәйкестілік бойынша сыртқы бақылауды заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша жобалау-сметалық құжаттамаға сараптама жүргізу құқығы бар субъектілер – сарапшылар, сонымен қатар біліктілік мүмкіндіктерін тиісті заңнамамен белгіленген талаптармен растайтын рұқсат құжаттары бар тәуелсіз сарапшылар жүзеге асырады.

6.7.4.5 Құрылыс жобасын іске асыруға байланысты ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық жоспардың тапсырмаларын көрсетудің, оның сапасы мен бәсекеге қабілеттігін анықтайтын кешенділікті бағалау үшін сарапшылар бағалаудың сараптамалық-талдау әдістерін қолданулары керек. Сарапшылар сараптамалық-талдау әдістерін құрылыс жобаларының мазмұнының (бағыттылығының) есебімен таңдайды және сараптама жүргізу шартын жасаған кезде оны тапсырыс берушімен келіседі.

6.7.4.6 Жобалау-сметалық құжаттаманың мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бағалау құрылыс жобаларының техникалық деңгейі мен сапасын бағалауға қатысты мемлекеттік нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады.

6.7.4.7 Жаңа құрылыс конструкцияларын жасауға арналған жобалау-сметалық құжаттаманың мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бағалау техникалық деңгейі бойынша:

- функционалдық мақсатына сәйкестілігі;
- сенімділікті қамтамасыз ету;
- шикізат пен материалдарды, отынды, энергия мен еңбек ресурстарын үнемді пайдалану;

- сыртқы әсерлерге тұрақтылығы;
- эргономикалығы мен техникалық эстетикасы;
- техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің ыңғайлылығы мен үнемділігі;
- тасымалдану қабілеттігі;
- халық өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздігі;
- технологиялылығы;
- конструктивтік базасының алдыңғы қатарлығы;
- электр-магниттік үйлесімділікті қамтамасыз ету өлшемдерімен анықталады.

6.7.4.8 Жаңа технологиялық процестерді енгізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманың мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бағалау техникалық деңгейі бойынша:

- өнімнің сапасына, қоршаған ортаны қорғау мен халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әлқуаттылығын қамтамасыз етуге қойылатын берілген талаптарға қол жеткізу үшін технологиялық процестің жарамдылық;

- үнемділік;
- эргономикалық және эстетикалық;
- қауіпсіздік өлшемдерімен анықталады.

6.7.4.9 Өнімнің сапасы бойынша берілген талаптарға қол жеткізу үшін технологиялық процестердің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бағалау жалпы түрде:

- нақтылықпен;
- тұрақтылықпен;
- сенімділікпен;
- механизация және автоматизация деңгейімен;
- бақыланатындығымен;
- дайын өнімнің шығу деңгейімен сипатталады.

6.7.4.10 Технологиялық процестің экономикалық қасиеттерге сәйкестілігі:

- өндірушілікпен;
- материал сіңіргіштікпен;
- металл сіңіргіштікпен;
- энергия сіңіргіштікпен;
- технологиялық процестің еңбек сіңіргіштігімен;
- технологиялық процесті меңгеруге шаққан шығынмен сипатталады.

6.7.4.11 Технологиялық процестің эргономикалығы мен эстетикалығы:

- қызмет көрсету мен басқарудың ыңғайлығымен;
- гигиеналықпен сипатталады.

6.7.4.12 Технологиялық процестің қауіпсіздігі:

- өнімнің улығының;
- шудың, дірілдің, иондайтын және иондамайтын сәулелендірудің;
- жарылысқа қауіпсіздіктің;
- қоршаған ортаның ластануының деңгейімен сипатталады.

6.7.4.13 Жобалау-сметалық құжаттаманың мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бағалау оның экономикалық көрсеткіштері бойынша инвестиция салудың тиімділігі бойынша бағаланады, ол:

- жобаның бағасы;
- осы жоба бойынша тауарлар мен қызметтер нарығындағы күтілетін сұраныс пен ұсыныс (қызметтер);
- жобаны іске асыру үшін қолайлы инвестициялық жағдайлардың бар болуы;
- ресурстардың және жобаларды іске асыру үшін оларды тарту шарттарының бар болуы;
- жобаны іске асыруды ұйымдастыру және басқару әдістері;
- қаржыландыру көздері;
- күтілетін табыс;
- қауіп факторы сияқты өлшемдермен анықталады.

6.7.4.14 Жобалау-сметалық құжаттаманың мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бағалайтын сарапшының қызметі:

- сарапшының еңбегін экономикалық машықтандыру механизмі;
- заңнама мен құрылыстағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес келмейтін сараптамалық қорытынды берілгендігіне жауапкершілік шараларын анықтау арқылы оның орындаған жұмыстарының нәтижелері бойынша бағалануы керек.

6.7.4.15 Жобалау-сметалық құжаттама мемлекеттік нормативтерге сәйкес келген жағдайда, сарапшы жобалаушыға инвестициялық жобаның негізгі техника-экономикалық көрсеткіштері бар, заңнамамен белгіленген үлгідегі сараптамалық қорытынды береді.

## **6.8 Құрылыс объектісінің дайындаудың әртүрлі сатысындағы және құрылыс-монтаж жұмыстарының өндірісіндегі сәйкестілігін бағалау**

### **6.8.1 Құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауға рұқсат берудің кезеңдері**

6.8.1.1 Құрылыс алаңындағы жұмыстар басталғанға дейін құрылыс объектісінің сәйкестігін бағалау мен қамтамасыз етуді телімнің шекараларын, қызыл сызықтар мен құрылысты реттеудің басқа сызықтарын, биік белгілерді, ғимараттар мен имараттардың осьтерін, инженерлік коммуникациялардың трассаларын, сонымен қатар құрылыс алаңының шекараларын заттай шығаруға қатысты мемлекеттік нормативтердің талаптарының негізінде жергілікті сәулет және қала құрылысы органдары жүзеге асырады.

6.8.1.2 Құрылыс жұмыстары өндірісіне қатысты мемлекеттік нормативтерге

## **ҚР ҚБҚ 1.06-01-2011**

сәйкестілікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтау үшін, объектінің құрылысын салуға қатысты құрылыс-монтаж жұмыстарын бастағанға дейін мердігер құрылыс нормаларына сәйкес технологиялық құжаттаманың толық кешенін дайындауы керек. Құрылыс нормаларын талаптарын сақтау үшін мердігер:

1) қолындағы технологиялық құжаттаманың (технологиялық карталардың, регламенттердің) берілген объектіні соғу кезінде өзі орындайтын жұмыстардың сапасын қамтамасыз етуге жеткіліктігін тексеруі, сонымен қатар көрсетілген құжаттаманың мемлекеттік нормативтердің белгіленген талаптарына сәйкестілігін тексеруі;

2) қолда бар технологиялық құжаттаманы реттеуі және қажет болған жағдайда – қосымша технологиялық құжаттаманы әзірлеуі;

3) қолда бар қауіпсіздік техникасына қатысты шешімдерді реттеуі және қажет болған жағдайда – құрылыстағы қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік нормативтермен анықталған құрам бойынша қауіпсіздік техникасына қатысты жаңа шешімдерді әзірлеуі;

4) қажет болған жағдайда өзінің күші арқылы немесе мамандандырылған ұйымға тапсырыс беру арқылы осы нормативтік құжаттың талаптарына сай жұмыс өндірісі жобасын әзірлеуі;

5) алынған жобалау-сметалық құжаттаманың негізінде, қажет болған жағдайда – негізгі осьтерді бөлу және соғылатын объектідегі барлық монтаждық горизонттардағы бөлшектік бөлу схемаларын, заттай орындалатын бөлу осьтері мен монтаждық бағыттарға қатысты элементтерді орналастыру схемаларын әзірлеуі; қолында геодезиялық бөлу жұмыстарын орындау мен нақтылығын бақылаудың әдістемесі, монтаждық бағыттарды салу және бекіту ережелері болуы керек.

6.8.1.3 Объектінің құрылысын салу процесінің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігіне қойылатын талаптарды сақтауға қатысты жұмыстарды ұйымдастыру үшін құрылыс қатысушылары: тапсырыс беруші, мердігер, жобалаушы өздерінің үкімдік құжаттары арқылы объект үшін:

1) тапсырыс берушіден – орындалатын жұмыстардың барысы мен сапасына, оларды орындау мерзімдерінің сақталуына, мердігер ұсынатын материалдардың сапасына, сонымен қатар мердігердің тапсырыс берушінің материалдарын дұрыс пайдалануына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын;

2) мердігерден – жұмыстардың жобалау-сметалық құжаттама мен мемлекеттік нормативтерге сәйкес орындалуына дербес жауаптыларды тағайындайды.

Аталған тұлғалардың құрылыс саласындағы бақылау және қадағалаумен айналысу үшін заңнамамен белгіленген талаптарға сәйкес рұқсат құжаттары болуы керек.

6.8.1.4 Объектінің құрылысын бастауды жүзеге асыру үшін орындалған жұмыстардың сәйкестілігін бағалауды заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік құрылыс инспекторы орындайды. Қарастыруға ұсынылған құжаттар көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда мемлекеттік құрылыс инспекторы құрылыс салуға рұқсат береді.

### **6.8.2 Құрылыс алаңын дайындау кезеңі**

6.8.2.1 Құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау сатысында құрылыс объектісінің сәйкестілігін бағалау мен қамтамасыз етуді құрылысты ұйымдастыру жобасына сай техқадағалау сарапшысы жүзеге асырады.

6.8.2.2 Белгіленген құрылыс нормаларына сәйкес құрылысқа арналған уақытша ғимараттар, имараттар мен баспаналар құрылыс салуды қамтамасыз ету үшін арнайы салынады (орнатылады, жабдықталады), және құрылыс аяқталғаннан кейін жоюға немесе тұрақты пайдалануға беру үшін қайта жабдықталуға тиесілі.

6.8.2.3 Уақытша ғимараттар мен имараттар, сонымен қатар құрылыс салу қажеттілігі үшін жабдықталған, қолданыстағы ғимараттар мен имараттардағы жеке үй-жайлар тұрмыстық, өндірістік, әкімшіліктік және тұрғын ғимараттарға, имараттарға және үй-жайларға қойылатын қолданыстағы құрылыс, өрт, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелердің талаптарына сәйкес келуі керек.

6.8.2.4 Құрылыс алаңының сәйкестілігін бағалаған кезде техқадағалау сарапшысы құрылыстың бас жоспарымен анықталған, құрылыс алаңы аумағында орналасқан уақытша ғимараттар мен имараттардың құрамын тексереді.

### **6.8.3 Құрылыс объектісінің сәйкестілігін жұмыс өндірісінің технологиялық карталарының негізінде бағалау**

6.8.3.1 Құрылысты технологияға, жұмыстардың жеке түрлерін ұйымдастыру мен механизациялауға қатысты оңтайлы шешімдермен қамтамасыз ету мақсатында құрылыс объектісінің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін бағалау құрылыс жұмыстары өндірісінің технологиялық карталарының (ары қарай – технологиялық карталар) негізінде жүзеге асырылады.

6.8.3.2 Технологиялық карталар жұмыс өндірісі мен объектіні пайдалануға берудегі қауіпсіздікке, жұмыс өндірісі жобаларының құрамындағы қоршаған ортаны қорғау мен өрт қауіпсіздігіне қатысты заңнамалардың талаптарын сақтаудың есебімен әзірленеді.

6.8.3.3 Жаңа технологияларға технологиялық карталарды әзірлеу құрылысты ұйымдастыру жобасын әзірлеген кезде ұйымдастырушылық-технологиялық схемаларда қарастырылған техникалық шешімдерге сәйкес ғимараттың жұмыс сызбасы бойынша және құрылыс өндірісін дамытудың замани техникалық деңгейіне жауап беретін алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибені пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

6.8.3.4 Дәстүрлі түрде қолданылатын құрылыс технологиялары үшін типтік технологиялық карталар қолданылады, олар осы объектінің және жергілікті жағдайдың ерекшеліктерінің есебімен түзетіледі, жұмыс өндірісінің әдістерін, материалдарға, машиналарға, жабдықтарға, құралдар мен жұмысшыларды қорғайтын құралдарға еңбек сіңіргіштік пен қажеттілікті сипаттаудан тұрады.

6.8.3.5 Жұмыс сапасын бақылаудың карталары (схемалары) технологиялық процестер мен операциялардың сапасын бақылау мен бағалауды жүзеге асыру үшін әзірленеді. Жұмыс өндірісі жобасының осы бөлімінде орындалатын жұмыстардың операциялық бақылауының схемалары; жасырын жұмыстарды куәландыру актілерінің талап етілетін актілері; материалдарды, конструктивтік элементтерді, температуралық-ылғалды тәртіптерді зертханалық сынау арқылы жұмыс сапаларын тексеру мерзімдері туралы, сонымен қатар жеке агрегаттар мен инженерлік жабдықтау жүйелерін сынау тәртібі туралы нұсқаулар көрсетіледі.

6.8.3.6 Технологиялық карталар технологиялық процестерді орындау ережелерін, технологиялық қамтамасыз ету құралдарын, құрылыс машиналары мен жабдықтарын, қажетті материалдық-техникалық ресурстарды таңдауды, жұмыс сапалары мен қабылдауға қойылатын талаптарды, сонымен қатар еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау мен өрт қауіпсіздігіне қатысты шараларды регламенттейді.

6.8.3.7 Технологиялық карта төмендегі бөлімдерден тұруы керек:

- а) Қолдану саласы;
- б) Ресурстарға қажеттілік, оның ішінде:
  - 1) машиналар мен жабдықтардың тізімі;
  - 2) технологиялық жабдықтаудың, аспаптың, инвентарь мен құралдардың тізімі;
  - 3) материалдарға, бұйымдар мен конструкцияларға қажеттіліктің ведомосты
- в) Жұмыстарды орындаудың технологиясы мен ұйымдастыру, оның ішінде:

## **ҚР ҚБҚ 1.06-01-2011**

- 1) алдағы жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар;
- 2) жұмыс өндірісінің технологиясына қойылатын талаптар;
- 3) жұмыс өндірісінің технологиялық схемалары;
- 4) бұйымдар мен материалдарды тасымалдау және қоймалау;
- 5) кешенді механизациялаудың схемалары;
  - г) Жұмыстардың сапасы мен қабылдауға қойылатын талаптар, оның ішінде:
    - 1) жеткіліген материалдар мен бұйымдардың сапасына қойылатын талаптар;
    - 2) сапаны операциялық бақылаудың схемалары;
    - 3) бақылауға тиесілі технологиялық процестердің тізімі;
  - д) Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, экологиялық және өрт қауіпсіздігі;
  - е) Техника-экономикалық көрсеткіштер, оның ішінде:
    - 1) жұмысты орындаудың ұзақтығы;
    - 2) жұмыс өндірісінің кестесі;
    - 3) жұмысты орындаудың еңбек сiңiргiштiгi мен машина сiңiргiштiгi;
    - 4) еңбек пен машина уақытының шығындарын санау.

### **6.8.4 Құрылыс-монтаж жұмыстары өндірісінің мемлекеттік нормативтерге, мердігердің сыртқы бақылауына сәйкестілігін бағалау**

6.8.4.1 Объектінің құрылысын салудың барлық мерзімінде құрылыс процесінің мемлекеттік нормативтердің және мердігерлік ұйымның басқа қолданыстағы нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестілігін бағалау мен қамтамасыз ету жобалау-сметалық құжаттамаға сай жүзеге асырылады, оның ішіне:

- 1) құрылысты ұйымдастырудың жобасы;
- 2) жұмыс өндірісінің жобасы;
- 3) құрылыс жұмыстары өндірісінің технологиялық карталары кіреді.

6.8.4.2 Өндірістік процестер мен операцияларды орындау барысында мердігер мемлекеттік стандарттарға сай келмейтін құрылыс өнімдерін, сонымен қатар процесті немесе операцияны жалғастыру кезінде жасырын болуы мүмкін ақауларды анықтау және осы ақаулардың алдын алу мен жою мақсатында кіріс және операциялық бақылауды жүзеге асырады.

6.8.4.3 Құрылыс өнімдерін кіріс бақылау кезінде мердігер олардың стандарттардың немесе техникалық шарттардың және жұмыс құжаттамасының талаптарына сәйкестілігін, тасымалдау кезінде елеулі бұзылыстардың жоқ екендігін, сонымен қатар төлқұжаттардың және сапа туралы басқа ілеспелі құжаттардың бар екендігі мен мазмұнын сырттай көзбен тексеруі керек.

6.8.4.4 Объектілерді салған кезде мердішер пайдаланатын құрылыс өнімдері мен жабдықтары жоба мен оларға таралатын стандарттардың, техникалық шарттардың, және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген техникалық куәліктердің талаптарына сай болуы керек.

6.8.4.5 Жеткізілген құрылыс өнімінің стандарттардың талаптарына сәйкестілігін бағалауды жеткізуші қамтамасыз етеді және төлқұжатпен немесе құрылыс конструкциясының партиясына ілеспелі, сапа туралы басқа құжатпен расталуы керек. Міндетті сертификаттауға тиесілі құрылыс өнімдеріне жеткізушінің сәйкестілік сертификаты болуы керек.

6.8.4.6 Егер мердігердің кіріс бақылауы арқылы жеткізілген құрылыс өнімдерінің мемлекеттік нормативтердің немесе жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкессіздігі анықталған болса, онда мердігер көрсетілген құрылыс материалдарын қолдануға байланысты жұмыстарды тоқтатуы және ол туралы тапсырыс берушіге немесе оның бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкіліне хабар беруі керек.



Құрылыс өнімдерін жеткізуші оларды көрсетілген талаптарға сәйкес тиістісіне ауыстыруға немесе тексеріп, оларды объектінің қауіпсіздігіне шығынсыз ары қарай қолдану мүмкіндігін негіздеуге міндетті.

6.8.4.7 Мердігер құрылыс өнімдері мен жабдықтарының көрсеткіштеріне аспаптық тексеру немесе оларға сынақ жүргізуі керек. Осы жерде осы құрылыс өнімдері мен жабдықтардың стандарттары мен техникалық шарттарымен белгіленген бақылау, сынау және қабылдау ережелері қолданылуы керек.

6.8.4.8 Мердігер пайдаланатын өз өндірісінің құрылыс өнімдері сатып алынған құрылыс өнімдеріне қойылатын талаптарды қанағаттандыруы керек. Осы жерде тікелей объектінің соғудың құрылыс жұмыстары өндірісі кезінде соңғы әрлеуді қарастыра отырып, бетінің әрлеуі аяқталмаған құрылыс өнімдерін дайындауға жол беріледі.

6.8.4.9 Мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес келмейтін құрылыс өнімдерін мердігер арнайы маркалап, тиісті шешім қабылдағанға дейін қолданудан шығаруы керек.

6.8.4.10 Операциялық бақылаумен:

1) өндірістік процестер мен операциялардың жүйелілігі мен толық орындалуының сәйкестілігі, сонымен қатар технологиялық тәртіп нормаларының технологиялық құжаттаманың (технологиялық карталардың, регламенттердің) талаптарының сақталуы;

2) жобалау-сметалық құжаттамада, құрылыс нормаларында, ережелері мен стандарттарында көзделген техникалық шешімдердің орындалуы, жұмыстардың аралық нәтижелерінің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін қамтамасыз ету тексеріледі.

6.8.4.11 Мердігер өзінің үкімдік құжаттары арқылы операциялық бақылауды орындауға, оның нәтижелерін құжаттау мен бақылау кезінде анықталған ақауларды жоюды орындау үшін жауаптыларды тағайындауы керек.

6.8.4.12 Мердігер авторлық қадағалау сарапшысы мен техқадағалау сарапшысының қатысуы кезінде аяқталған жұмыстардың жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестілігін аралық бағалауды орындауға міндетті. Сәйкестілікті аралық бағалау келесі жұмыстармен жабылатын жұмыстардың (ары қарай – жасырын жұмыстар) нәтижелерін куәландыру, сонымен қатар ғимараттар мен имараттардың, жауапты конструкциялардың элементтерін, инженерлік жүйе мен олардың бөліктерін аралық қабылдау формасында орындалады.

6.8.4.13 Сәйкестілікті аралық бағалауға тиесілі ғимараттар мен имараттардың, жауапты конструкциялардың элементтерінің, инженерлік жүйе мен олардың бөліктерінің құрамы, қатысушылардың құрамы, нәтижелерді құжаттандырудың нақты ережелері мен әдісі, сонымен қатар олардың қатарына кіретін сынау мен сынақ құрамы мемлекеттік нормативтермен, жобалау-сметалық құжаттамамен немесе мердігерлік шартпен белгіленеді.

6.8.4.14 Жасырын жұмыстарды куәландыруды, қажет болғанда – мемлекеттік нормативтермен, жобалау-сметалық құжаттамамен қарастырылған өлшеулер мен сынақтарды орындау арқылы, мердігер ұйымдастырады.

6.8.4.15 Жеке жауапты конструкцияларды, конструкцияладың ярустары мен қабаттарды аралық қабылдауды мердігер ұйымдастырады, ол үшін конструкцияны қабылдауға қойылатын атқарушы геодезиялық схемаларды, сынау туралы қажетті құжаттарды, сонымен қатар осы конструкциялардың құрамына кіретін барлық жасырын жұмыстарды куәландыру актілерін дайындайды.

6.8.4.16 Жасырын жұмыстарды куәландыру мен жауапты конструкцияларды аралық қабылдауға мердігер, техқадағалау сарапшысы қатысады. Бұл шараларға құрылыстың мүдделі қатысушысының шақыруы бойынша сарапшылар мен басқа да мамандар қосымша қатысуы мүмкін.

6.8.4.17 Мердігерде сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің бар болуы оған жасырын жұмыстарды куәландыру мен аралық қабылдауды техқадағалау

## **ҚР ҚБҚ 1.06-01-2011**

сарапшысының қатысуысыз жүргізу құқығын береді. Бұл жерде осы жасырын жұмыстар бойынша болуы мүмкін мемлекеттік нормативтерге сәйкессіздік үшін жауапкершілік мердігерге жүктеледі.

6.8.4.18 Құрылыс процесінде жұмыс мердігерлері жобалық шешімдердің нақты орындалуын және имараттар мен олардың бөліктерінің нақты күйін көрсететін атқарушы құжаттаманы жұмыстардың жеке кезеңдері аяқталуы бойынша өндірістің барлық сатысында жасауға міндетті. Атқарушы құжаттарды жасау, мазмұны мен формаларының тәртібі мемлекеттік нормативтердің талаптарымен белгіленеді.

### **6.8.5 Құрылыс-монтаж жұмыстарының мемлекеттік нормативтердің, мердігердің сыртқы бақылауына сәйкестілігін бағалау**

6.8.5.1 Құрылыс-монтаж жұмыстарының өндірісі мен объектіні құрылыс мерзімін сақтау бойынша пайдалануға беруге өткізу сатысында құрылыс объектісінің сәйкестілігін бағалау мен қамтамасыз етуді тапсырыс берушінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкілі сыртқы бақылау ретінде жүзеге асырады.

6.8.5.2 Тапсырыс берушінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкілі оның құрылыс объектісіндегі уәкілетті өкілі болып табылады және құрылыс өндірісін басқарудың жеткілікті тәжірибесі мен құрылыс қызметінің тиісті түрі бойынша оның біліктілігінің жоғары деңгейін міндетті растау арқылы заңнамалық түрде белгіленген аттестаттау тәртібінің негізінде берілген рұқсат құжаты бар, білікті мамандардың қатарынан тағайындалады.

6.8.5.3 Тапсырыс берушінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкілі тапсырыс берушімен келісу арқылы немесе тапсырыс берушінің өзі тапсырыс берушінің қаржысына өзінің функционалдық міндеттеріне қатысты тапсырмалардың шешу үшін мамандарды тарту құқығына ие. Бұл жерде осы мамандардың әрекетіне және әрекетсіздігіне жауапкершілік оларды тартқан тұлғаға жүктеледі.

6.8.5.4 Құрылыс-монтаж жұмыстары сатысында құрылыс объектісінің жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкестілігін қамтамасыз ету мақсатында тапсырыс берушінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкіліне немесе тапсырыс берушіге келесі функциялар жүктеледі:

а) құрылысты ұйымдастыру жобасына сәйкес құрылыстың белгіленген мерзімдерге сәйкестігін бағалау бөлігінде:

1) соғылып жатқан объектіні мердігерлік шартқа (қосымша келісімдерге) сәйкес құрылыс ұзақтығының нормативтік мерзімдерінде пайдалануға беруге енгізуді қамтамасыз ету мақсатында жұмыс өндірісі кестесін сақтауды бақылау;

2) тапсырыс берушіге жобаларды жүзеге асыру барысы туралы жоспарлық және жоспардан тыс есептілікті ұсыну;

3) мердігер дайындаған жұмыстардың күнтізбелік жоспарын қарау және бекіту үшін тапсырыс берушіге ұсыну;

4) мердігердің жұмыстарды орындау мерзімін ұзартуға, қосымша немесе көзделмеген жұмыстарға, шығындарға компенсация төлеуге, тапсырыс берушіге кенес беруге қатысты шағымдарын қарастыру;

5) тапсырыс берушіге жобаларды жүзеге асыру барысы, мердігердің қызметі, жұмыс сапасы мен болашаққа болжам жасау туралы кезеңдік есептер ұсыну;

б) құрылыстың күнтізбелік жоспарына сәйкес жүргізілген құрылыс-монтаж жұмыстарының көлеміне мониторинг жүргізу, орындалған жұмыс көлемдерін кезең және соңғы рет өлшеу мен олардың мердігерлердің есептеріне сәйкестілігі туралы қорытынды беру;

б) мердігерге қойылатын сапа менеджментінің белгіленген талаптарға сәйкестілігін

бағалау бөлігінде:

1) тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша, жергілікті атқарушы органдармен, жер телімдері мен коммуникациялардың иелерімен, басқа ұйымдар мен объектілердің құрылысын салу мен реконструкциялау сұрақтарына қатысты қоғамдастықтармен қатынаста оның мүдделерін ұсыну;

2) мердігерлік шартты жүзеге асыру және кеңес беруге қатысты пайда болған немесе пайда болған ықтимал мәселелер туралы тапсырыс берушіге хабарлау;

3) тапсырыс беруші берген құзіретке сәйкес жүзеге асырылатын жобаны басқару сұрақтарына қатысты шешімдер қабылдау;

4) корреспонденцияны, отырыс хаттамаларын, қаржылық жазбаларды қоса, құжаттарды есепке алу, пайдалану және сақтау жүйесін құру.

6.8.5.5 Құрылыс объектісінің жобалау-сметалық құжаттамада көзделген шешімдерге сәйкестілігін қамтамасыз етуді тапсырыс берушінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкілі, немесе тапсырыс беруші:

1) техқадағалау сарапшысы мен авторлық қадағалау сарапшысының құрылыстағы мемлекеттік нормативтерге сәйкестілікті бағалауға қатысты өз міндеттерін орындау қызметін бақылау;

2) жобалау-сметалық құжаттама мен жұмыс өндірісі жобасында анықталған жағдайлар бұзылған кезде, құрылыс жұмыстарын ары қарай орнына келтіруге қатысты шешімдер қабылданғанға дейін құрылыс-монтаж жұмыстарының өндірісіне тыйым салу;

3) ұйымдастырушылық, техникалық сипаттағы бұзылыстар табылған кезде, мердігерге негізделген шағымдарды ұсыну және олардың салдарын жоюды талап ету;

4) сапасыз немесе уақытылы орындалмаған жұмыстар үшін айыппұл мен пеня ұстап қалу;

5) мердігерлік шарттың шарттары бұзылатындай қауіп туған кезде тапсырыс берушіге мердігерлік шартты бұзу қажеттілігі туралы қолдау хат ұсыну;

6) мемлекеттік құрылыс инспекторына құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасыз орындалуына жол берген лауазымдық тұлғаларды заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс беру арқылы іске асырады.

6.8.5.6 Құрылыс объектісінің жобалау-сметалық құжаттамада көзделген шешімдерге сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін тапсырыс берушінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкілі немесе тапсырыс беруші:

1) тапсырыс берушіге жобалау-сметалық құжаттамадан жол берілмейтін ауытқулар туралы хабарлауға;

2) құрылыс объектілеріндегі қауіпсіздік пен ықтимал апаттардың жоюға қатысты жұмыстардың көлемін қамтамасыз ету шарттары бұзылған барлық қауіп жағдайларында бақылау және қадағалау органдарына хабар беруге;

3) техқадағалау сарапшысы мен авторлық қадағалау сарапшысының ақпараты бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының жобалау-сметалық құжаттамада белгіленген шарттардан ауытқуы анықталуы бойынша оперативтік шешімдер қабылдауға;

4) мердігердің тапсырыс берушінің құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалған көлемі үшін төлемақы жүргізу сұрақтарына қатысты шағымдары бойынша шешім қабылдауға міндетті.

### **6.8.6 Құрылыс объектісінің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін техқадағалау сарапшысының бағалауы**

6.8.6.1 Объектінің құрылысын салу сатысында құрылыс объектісінің құрылысты ұйымдастыру және жұмыс өндірісі жобаларының талаптарын қамтамасыз ету бөлігінде жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкестілігін бағалау және қамтамасыз

## ҚР ҚБҚ 1.06-01-2011

етуді тапсырыс беруші техникалық қадағалау қызметі (ары қарай – техқадағалау сарапшысы) арқылы жүзеге асырады. Осы сәйкестілікті бағалау тапсырыс беруші тарапынан сыртқы бақылау ретінде ұсынылады.

6.8.6.2 Техқадағалау сарапшысы жоғары білікті, құрылыстағы сәйкестілікті бағалаудың жеткілікті тәжірибесіне ие және оның біліктілігінің жоғары деңгейін міндетті растау арқылы «Сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік құрылыс инспекторларын аттестаттау қағидалары» негізінде берілген рұқсат құжаты болуы керек.

6.8.6.3 Құрылыс-монтаж жұмыстары сатысында құрылыс объектісінің жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкестілігін қамтамасыз ету мақсатында техқадағалау сарапшысына келесі функциялар жүктеледі:

1) орындалған жұмыстардың көлемін құрылысты ұйымдастыру жобасы мен жұмыс өндірісінің жобасына сай тексеру, және аралық төлем жүргізу кезінде немесе мердішермен соңғы есеп айырысу кезінде орындалған жұмыстарды қабылдау актілерін растау;

2) тапсырыс берушіге жұмыстарды уақытылы аяқтау үшін қажетті ұсыныстар жасау, қабылданған ұсыныстар бойынша барлық қажетті құжаттарды дайындау;

3) объектілерді материалдық ресурстармен және техникалық құжаттармен кешендеу барысының, білікті жұмыс күшімен қамтасыз етілгендігінің сәйкестілігін бағалау;

4) объектіде жұмыс істейтін машиналар мен механизмдердің есебін жүргізу, олардың техникалық жарамдылығын және мердігердің конкурстық өтінішінде көрсетілген тізімге сәйкестілігін бағалау;

5) уақытша ғимараттар мен имараттарды, қоймалық шаруашылықты және мердігердің шағын механизация құралдарының жоба мен мердігерлік шарттың шарттары мен талаптарына сәйкестілігін тексеру және бағалау;

6) техникалық есептер мен жинақтарын дайындау мен бекітуді, жұмыс өндірісі барысын уақытылы құжаттауды қамтамасыз ету;

7) барлық материалдарға, конструкциялар мен жабдықтарға берілген барлық кепілдік құжаттар мен сертификаттарды қабылдау мен сақтауды және оларды жоба аяқталғаннан кейін тапсырыс берушіге беруді қамтамасыз ету;

8) мердігердің анықталған ақауларды жоюға қатысты кепілдік міндеттемелерін орындағанын тексеру;

9) мердігердің сапасыз орындаған жұмыстарының, ақауларды жою мен қайта жасауға шыққан шығындарының көлемі мен бағасын есепке алу (тапсырыс берушінің арнайы тапсырмасы бойынша орындалады).

6.8.6.4 Құрылыс объектісінің жобалау-сметалық құжаттамасында көзделген шешімдерге сәйкестілігін қамтамасыз етуді техқадағалау сарапшысы:

1) құрылыс алаңдарына, шеберханаларға, зауыттарға, сонымен қатар объекті үшін материалдар жасаудың, өндіру мен дайындаудың басқа орындарына қолжетімділік;

2) конструкцияға, материалдар мен бұйымдарға тиісті сынақ жүргізу үшін құрылыс зертханаларын тарту мүмкіндігі;

3) құрылыс өндірісінің технологиясының жобалау-сметалық құжаттамадан ауытқуы болған кезде тапсырыс берушінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкіліне немесе тапсырыс берушіге құрылысты тоқтату туралы айту;

4) мердігерден немесе қосалқы мердігерлерден объектіге қатысты қажетті атқарушы құжаттаманы сұрау мүмкіндігі арқылы іске асырады.

### **6.8.7 Құрылыс объектісінің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін авторлық қадағалаудың бағалауы**

6.8.7.1 Құрылыс объектісінің жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестілігін құрылыс-монтаж жұмыстарын сыртқы бақылау ретінде тапсырыс беруші тарапынан бағалау авторлық қадағалау сарапшысын тарту арқылы жүзеге асырылады, оның қызметтері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асырылатын инвестициялық жобалау осы мақсаттар үшін қарастырылған қаржының есебінен қаржыландырылады.

6.8.7.2 Құрылыс объектісін авторлық қадағалау сарапшысының тексеруі мен келуінің кестесі тапсырыс берушінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкілімен, немесе тапсырыс берушімен келісіледі. Тексеру фактісі мен жобалық шешімдердің жобалау құжаттамасына сәйкестілігін белгілеуді авторлық қадағалау сарапшысы авторлық қадағалау журналына жазады.

6.8.7.3 Авторлық қадағалаудың аккредитацияның халықаралық жүйесінің елдерінің тобымен расталған және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аттестацияланған тиісті стандарттармен техникалық жарықтандырылған құрылыс зертханасы болуы керек. Егер авторлық қадағалаудың ондай зертханасы болмаса, онда ол қызметін жоғарыда аталған деңгейге сәйкес техникалық жарықтандырылған құрылыс зертханасын тарту арқылы көрсетуі керек.

6.8.7.4 Құрылыс объектісінің жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген құрылыс шешімдеріне сәйкестілігін қамтамасыз етуді авторлық қадағалау сарапшысы: құрылыс-монтаж жұмыстарын:

1) технология бұзылысы, жобадан ауытқу, сапасыз құрылыс материалдарын қолдану анықталған жағдайда – анықталған ақаулар мен бұзылыстарды жойғанға дейін құрылыс және монтаж жұмыстары өндірісін тоқтату;

2) тапсырыс берушінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкіліне немесе тапсырыс берушіге жобадан жүйелі ауытқитын, жұмыс өндірісінің талаптары мен нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын бұзатын мердігерді жұмыстан алыстату туралы ұсыныс жасау;

3) тапсырыс берушінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкіліне немесе тапсырыс берушіге төлем жүргізу үшін ұсынылған құжаттарды түзетуге немесе төлемақы төлеу үшін орындалған жұмыстарды қабылдау актілерінен мемлекеттік нормативтер мен жобалау-сметалық құжаттамаларға сай келмейтін жұмыс көлемдерінің ақысын алып тастауға қатысты ұсыныс жасау;

4) мердігердің құрылыс-монтаж жұмыстарының өндірісіне жауапты тұлғаларына ақауларды жою мен олардың пайда болу себептерін жоюға қатысты ұсыныс бағыттау;

5) құрылысы аяқталған объектіге тексеру, зерттеу және қажет болғанда – сынақ жүргізу, ескертулер жасау, ескертулерді мердігердің толық жоюын қамтамасыз ету және белгілі тәртіп бойынша тапсырыс берушіге объектіні пайдалануға беруге қабылдау туралы кеңес ұсыну;

6) мердігерден конструкцияны, бұйымды, материалдарды қайталап сынауды немесе жұмыстардың талдауды жүргізуді талап ету арқылы іске асырады.

6.8.7.5 Құрылыс-монтаж жұмыстары сатысында құрылыс объектісінің жобалау-сметалық құжаттаның талаптарына сәйкестілігін қамтамасыз ету мақсатында авторлық қадағалау сарапшысына төмендегі құқықтар беріледі:

1) құрылыс салу кезінде мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келмейтін құрылыс өнімдері мен жабдықтарды пайдалануға тыйым салу;

## **ҚР ҚБҚ 1.06-01-2011**

2) жобалау-сметалық құжаттама мен мемлекеттік нормативтердің талаптары бұзылғандығы анықталғаннан кейін жұмыс өндірісін тоқтату қажеттілігі туралы тапсырыс берушінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкіліне, немесе тапсырыс берушіге, бас мердігерге, қосалқы мердігерлерге хабар беру;

3) сертификаттардың (төлқұжаттардың) және конструкциялардың, бөлшектердің, құрылыс материалдары мен жабдықтардың басқа техникалық құжаттамалардың мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексеру;

4) тапсырыс берушінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкіліне, немесе тапсырыс берушіге бағаны төмендету, мемлекеттік нормативтерге сәйкестілік көрсеткіштерін жақсарту, құрылыс ұзақтығын қысқарту, объектідегі құрылыс-монтаж жұмыстары өндірісінің технологиясын жетілдіру туралы ұсыныстар беру;

5) жұмыс өндірісі ары қарай мүмкін емес болатын және түзету үшін ғимараттың немесе имараттың конструкциясын не бөлігін әзірлеу талап етілетін бұзылыстар анықталған кезде тапсырыс берушінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкіліне, немесе тапсырыс берушіге жазбаша түрде хабар беру.

6.8.7.6 Авторлық қадағалау журналында жазылған жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестілікке келтіруге қатысты барлық ескертулер мен нұсқаулар мердігер орындау үшін міндетті болып табылады.

6.8.7.7 Ақауларды жоюға қатысты нұсқаулар уақытылы емес немесе сапасын орындалған жағдайда авторлық қадағалау сарапшысы ақауларды жою қажеттілігі туралы қайталама жазба жазады, ол туралы тапсырыс берушінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жауапты өкіліне жазбаша түрде хабарлайды.

### **6.8.8 Құрылыс объектісінің мемлекеттік нормативтерге сәйкестілігін мемлекеттік құрылыс инспекторының бағалауы**

6.8.8.1 Құрылыс-монтаж жұмысының өндірісі және объектіні пайдалануға беруге өткізу процесі сатысында құрылыс объектісінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкестілігін бағалау мен қамтамасыз етуді мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының (МСҚ) қызметкері – мемлекеттік құрылыс инспекторы жүзеге асырады.

6.8.8.2 Мемлекеттік құрылыс инспекторы МСҚ әкімшілік аумақтық бірлікте ведомствоастылық құрылыс объектісінің қауіпсіздігіне жауап беретін мемлекеттің күзіретті өкілі болып табылады.

